

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
13.02.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
от 13.02.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мырзаға беріледі.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Құрметті қатысушылар! Ендігі кезекте назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе Заң жобасында қарастырылған нормаларға тоқталып кетуге рұқсат етіңіздер.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының қолданыстағы екі кодексі мен үш заңына өзгерістер енгізу қарастырылып отыр, соның ішінде:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

Қазақстан Республикасының Жер кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңы;

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңы.

Жер кодексінде негізгі заң жобасында қарастырылған жаңа нормаға сәйкес ескерткіштердің қорғау аймақтарының шекараларын жергілікті өкілетті органдардың орнына жергілікті атқарушы органдардың бекітуі ұсынылып отыр.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте:

ескерткіштерді қорғау, құрылысты реттеу және ландшафтық қорғау аймақтарындағы жерді пайдалану режимін бұзғаны үшін;

тарихи-мәдени ескерткіштерінде реставрациялық жұмыстарды жүргізу шарттары мен археологиялық жұмыстарды іске асыру шарттарын

бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық пен жауапкершіліктің екі жаңа құрамын енгізу қарастырылған.

Бұл нормаларды қабылдау ескерткіштердің қорғау аймақтарының режимін сақтауды қамтамасыз ету және ескерткіштердің жай-күйлерінің нашарлау жағдайларына байланысты өзекті болып табылады.

Бұдан өзге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын тарихи-мәдени мұра саласындағы мәселелеріне катысты соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау құқығын беру ұсынылған.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиялар құру бойынша облыстық, қалалық мәслихаттардың құзыреттері болмауына орай оларды алып тастау ұсынылып отыр.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында мәдениет құндылықтарына жататын көмбелерді табуға, күтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік мүлік құрамына түсу жөніндегі қатынастарды жетілдіру ұсынылған.

Сондай-ақ нарық жағдайында қосарланған шектеулерді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңында хабарламалар тізімінен жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабарлама алып тасталуда, өйткені бұл шара ғылыми-реставрациялау жұмыстарын лицензиялау қызметі аясында қарастырылған.

Құрметті депутаттар, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қызметті жетілдіруге бағытталған негізгі концептуалды шараларды атап өттім.

Заң жобасының нормалары мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды қажет етпейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Бұл маңызды әрі қажетті заң, сондықтан мен бұл заң жобасын қолдаймын.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы, Сіз негізгі заң жобасында менің сұрақтарымның біршамасына жауап бердіңіз. Дегенмен де менің қояр бір-екі сұрағым бар.

Осы заң жобасы аясында Жер кодексінің 65-бабына өзгеріс енгізіліп отыр. Егер де бүгінгі таңда қолданыстағы Жер кодексінде осы тарихи-

мәдени мұра объектілерін жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың міндетіне қорғау жатса, бұл өзгерістің негізінде енді бұл объектілерді сақтауды қамтамасыз етуге міндетті болып отыр. Оның себебін Сіз жақсы түсіндіріп өттіңіз, сондықтан мен оны қайталап сұрамай-ақ қояйын.

Бүгінгі күні жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар үшін маңызды объектілерді сақтауды қамтамасыз ету барысында оларды күту, күзету барысында нақты қандай міндеттер мен қағидаттар болады?

Мен неге қағидатты сұрап отырмын? Себебі біз ілеспе заң жобасында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске де қосымша өзгерістер енгізіп отырмыз. Себебі меншік иелері мен жер пайдаланушылар осы қағидатты, яғни маңызды объектілерді күтіп-күзету барысындағы қағидаттарды бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатын мәселе көзделіп отыр. Сондықтан осы сұраққа жауап берсеңіз. Себебі бізде мына заңда сілтеме норма болмай тұр. Яғни егер де біз қағидаттарды уәкілетті орган бекітеді деген болсақ, онда құба-құп болар еді. Бұл жерде сілтеме заң жоқ, ал нақты заңда жазылмаған. Осыны түсіндіріп беріңізші.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға рақмет.

Сіз көтерген мәселелерді бір жүйеге келтіру үшін осы нормаларды енгізіп отырмыз, себебі құзыретті органдардың жауапкершілігі нақты жазылмаған болатын. Жер учаскелерін меншік иелері иеленген кезде жердің сақталуы қалай болатындығы өзекті шаруа. Жекеменшікке алынған жерлерден тарихи маңызы бар дүниелер табылып жатса, оның сақталуы, әрі қарай халыққа қызметін кеңінен насихаттауымыз керек. Жаңа Сіз айтқан қағидаларды осы заңда жаздық. Өзіңіз жақсы білесіз, заң актілері деген болады, көтерілген мәселелерді сол жерде кеңінен қолдану біздің міндетіміз.

Сіз көтерген мәселелердің екінші жағы бар. Мысалы, жекеменшіктегі жерде тарихи маңызы бар дүниелер табылған жерді бекітеміз. Сонымен қатар «буферная зона» деген бар. Біз көбіне оны назардан тыс қалдырамыз. «Буферная зона» дегеннің өзі де өте маңызы бар дүниелер. Жол салған кезде немесе басқа мақсатқа пайдалануға берілген кезде заңның нормалары сақталмай келеді. Сондықтан жергілікті атқарушы органдардың және осы салаға жауапты мемлекеттік органдардың құқықтарын кеңінен қарастырып отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. рақмет.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства финансов.

Законопроектом предусматривается утверждение границ охранных зон, зон регулирования застройки и зон охраняемого природного ландшафта, памятников истории и культуры, акиматами областей, городов

республиканского бюджета, столицы.

По данным Министерства культуры и спорта, в настоящее время в Республике Казахстан насчитывается более 25 объектов историко-культурного наследия, 90 процентов из которых требуют определения охранных зон. Эти мероприятия являются затратными.

Как следует из материалов к представленному законопроекту, для разработки охранных зон трех объектов Кызылординской области потребуется порядка 2,5 миллиона тенге, тогда для 25 тысяч объектов потребуются десятки миллиардов тенге из бюджета. Понятно, что в пределах имеющегося бюджета акиматы не смогут выполнять данные работы. Вместе с тем согласно прогнозу возможных экономических последствий принимаемого закона, подписанному Министром культуры и спорта, реализация этой нормы не требует дополнительных финансовых затрат.

Поясните, пожалуйста, за счет каких источников местные исполнительные органы будут финансировать указанные работы, если дополнительные финансовые средства не предусматриваются? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Татьяна Михайловна Савельева.

САВЕЛЬЕВА Т.М. Большое спасибо за вопрос.

Нормы, которые касаются передачи компетенций по утверждению границ охранных зон от маслихатов, акиматов, всегда реализовывались на местном уровне. Соответствующую работу акиматы проводили, и именно по их представлению проходило утверждение в маслихатах. Эта норма реализуется. Соответствующие планы разрабатываются. Вчера я сама проверила, какими регионами такие планы утверждены, они есть. Раз это действующая норма, все расходы в местных бюджетах учтены.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым депутат Махамбетовтің көтерген мәселесіне байланысты.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы, мына заң жобасында, өзіңіз баяндамаңызда айтып өткеніңіздей, әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдары көзделіп отыр. Ол тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғи ландшафтар аймақтары шегіндегі жерлерді пайдалануды бұзу фактілері үшін.

Сонымен қатар тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен объектілеріне ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізу, археологиялық жұмыстарды жүргізу талаптарын бұзғаны түріндегі әрекеті үшін осы заң жобасымен әкімшілік құқықтық жауапкершілік көрсетіліп отыр. Бұл норма өте қажет. Бірақ заң жобасында осы нормалардың қалай жұмыс істейтіні белгісіз, түсініксіз. Өйткені археологиялық жұмыстар, ғылыми жұмыстар

ұзақ уақыт бойы жүргізілуі мүмкін. Ал бұл жұмыстарды жүргізу талаптарын бұзу кез келген уақытта, кез келген мезетте орын алуы мүмкін. Бір күннің ішінде бірнеше факті орын алуы мүмкін. Сондықтан да осындай құқық бұзушылықтар қалай анықталатын болады және оны қандай мемлекеттік орган жүргізетін болады?

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға рақмет.

Біз әр археологиялық жұмыстың тапсырысын, реставрациялық жұмыстарды жүргізудің тапсырысын министрлік сайтында міндетті түрде шығаруымыз керек. Біз сол жерде сақталуы туралы, консервация туралы талаптарды міндетті түрде сол жерде жазамыз. Мысалы, реставрация жұмысы біткеннен кейін оны әрі қарай қанша уақыт қадағалау керек деген нормаларды енгізіп жатырмыз. Лицензия алатын кезде азаматтарға сондай талаптарды қоямыз. Егер ол талаптар орындалмаса, біз құқық қорғау органдарына беруімізге болады, сот мәселесі туындап жатса. Ол нормаларды біз қазір кеңінен жазып жатырмыз, өйткені құқық бұзушылық жағынан біз қатаң қарауымыз керек. Ол өте қажет. Жаңа біз археология туралы айтып жатырмыз, егер оны консервация жасамаса, оның әрі қарай сақталуына тиісті жағдайлар жасамаса, онда біз археологтан тек лицензиясын алып қоймай, оны әрі қарай да жауапкершілікке тартуға құқымыз бар. Өздеріңіз білесіздер, қазір реставрация жасайды, оны әрі сақтау тұрмақ, ол одан сайын бүліріп жатады. Реставрация өте күрделі нәрсе, ол дымқылға байланысты, айналасындағы су қорықтарының жақындығына байланысты болады. Сондықтан бұл мәселені біз осы заңда кеңінен қарастыруымыз керек.

Рұқсат болса, бірінші сұраққа Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нұралыұлы жауап берсе деймін.

ТӨРАҒА. Ерлан Нұралыұлы, Сізде қосатын не бар?

НЫСАНБАЕВ Е.Н. Министр мырзаның айтқан позициясын біздің министрлік қолдайды.

ТӨРАҒА. Жалпы, бұл сұрақтың сіздердің министрлікке қандай қатысы бар?

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Нұрлан Зайроллаұлы, мен кешірім сұраймын. Жер мәселесіне қатысты болғаннан кейін дегенім ғой.

Кешірім сұраймын. Мен жауап берейін. Мәдени ескерткіштерді қорғау аймақтары да өте маңызды. Жаңа айтып кеткендей тек табылған орын ғана емес, оның айналасындағы объектілерді біз кеңінен сақтауымыз керек. Біз көбіне бір қорғанды ашамыз, ал оның әрі қарай жалғасын назардан тыс қалдырамыз. Бір жерді зерттеу ғана емес, оның айналасындағы аймақтарды толық зерттеуге қандай шаралар қолданатынын осы заңда біз кеңінен жазғанбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жылқышиев Байділдә Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Төраға. Менің сұрағым

баяндамашыға және Білім және ғылым министрлігінің өкіліне.

Заң жобасының 12-бабында тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру қызметін лицензиялау қаралып отыр. Оның нормасына сәйкес өтініш беруші тарап міндетті түрде бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар және осы мамандық бойынша жоғары білімі бар ғылыми қызметкер болу керек деп талап қойылған.

Бірінші сұрақ Арыстанбек Мұхамедиұлына. Егер сол өтініш беруші тарапта бұндай ғылыми қызметкер болмаған жағдайда бұл жұмыс қалай атқарылады?

Екінші сұрақ Білім және ғылым министрлігінің өкіліне. Аталып отырған бағыт көршілес Ресейде өте жақсы дамыған. Ол жаңа баяндамада да айтылды. Ал бізде бұл бағдарлама тек Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында және Қазақ ұлттық өнер университетінде оқу курстары ғана енгізілген. Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігінің бұл мәселені шешу бойынша қандай жоспарлары бар? Қандай жұмыстар енгізілгелі отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Арыстанбек Мұхамедиұлы, Сізден бастайық.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға көп рақмет.

Бізде лицензияны беру шағын және орта бизнеске кедергі жасалады деген пікір бар. Біз экономикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Тарихи мұраны сақтағанда заңның орындалуын жан-жақты қарастыруымыз керек. Неге бес жыл? Егер лицензия сұраған жетекші азаматтың тәжірибесі болмаса, ол жұмыс тобына білікті мамандарды алуы керек. Егер оның жұмыс тобындағы азаматтардың ғылыми дәрежесі болса немесе атқарған шаруасы маңызды болса, біз рұқсат береміз.

Екінші. Неге жаңадан оқу бітірген азамат бірден өзі жетекші болып, лицензия алу керек? Біз оны тоқтатуымыз керек. Біз көп қателіктер жасаймыз, мысалы, біздің археологтар ыдыс-аяқты іздейді немесе алтын заттарды іздейді, ал киімнің құрамы, адам шашының құрамы зерттеуден тыс қалады. Өздеріңіз білесіздер, археологиялық зерттеудің ең құндысы адамның шашын зерттеу болып табылады. Сондықтан келеңсіз жағдайлар болмас үшін біз археологтарға қатаң талап қоюдамыз. Қазір бізде археология саласында Қырым Алтынбеков басқарған керемет мамандар бар, солардың арқасында біз ертоқымдарды қалпына келтірдік, адамдардың киімін қалпына келтірдік, ал бұрындары ол жоқ болатын. Археологиялық лицензияны алу үшін оның міндетті түрде бес жыл тәжірибесі болу керек, ғылыми дәрежесі болу керек, еңбегі болу керек деген қатаң талап қойылады. Ол талап өте қажет.

ТӨРАҒА. Білім және ғылым вице-министрі Талғат Илиясұлы Ешенқұлов. Мамандырылған бағдарлама туралы не айтасыз?

ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. Рақмет.

Бүгінгі таңда археология және этнология мамандығы бойынша елімізде жеті мемлекеттік жоғары оқу орындары маман дайындауда. Осы оқу орындарында бүгінгі таңда 260-тан астам мамандар бакалавриат, магистратура және докторантура бағыты бойынша дайындалып жатыр. Соның ішінде 200-ден астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша. Заң қабылданған жағдайда және де осы мамандықтарға сұраныс болған жағдайда Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік тапсырысты үлкейтуге дайын екендігін айта аламын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы! Заң жобасында айтылған тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың негізгі мақсаттарының бірі осы объектілердің танымал болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Елімізде осы мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін тарихи-мәдени мұра объектілері бар. Мысалы, қала құрылысы мен сәулет ескерткіші болып табылатын «Медеу» спорт кешені, Қазақ-Британ техникалық университеті, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры сияқты тарих және мәдениет ескерткіштерін атауға болады.

Әлемдік практикада мұндай объектілер әртүрлі фестивальдар мен өзге іс-шараларды өткізуге арналған алаңдар ретінде кеңінен пайдаланылады, олардың танымал болуын қамтамасыз етуді және бюджетке қомақты кіріс алып келеді. Айтыңызшы, министрлік тарихи-мәдени мұра объектілерін танымал ету бойынша қандай іс-шаралар қабылдауда? Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға рақмет.

Сіз айтқан дүние жүзіндегі шаралар ең алдымен туризмді дамытуға бағытталған. Әр мемлекеттің мақсаты - өзінің тарихи мұражайын, ғимараттарын кеңінен қолдану, тарихын сақтау, туризмді кеңнен дамыту. Сіз айтқан «Медеу» спорт кешенін немесе Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, ҚБТУ ғимараттарының мүмкіндігін біз кеңінен пайдалануымыз керек.

«Медеу» спорт кешені бойынша. Біз ол жерде халықаралық спорттық шараларды өткізуіміз керек. Мысалы, қысқы универсиаданы өткізгенде 1,5 миллионнан астам халық күн сайын сол жерде өтіп жатқан шараларды тамашалады. Бақытымызға орай, сол кезде қар да көп жауды. Сондықтан «Медеу» спорт кешеніне деген қызығушылық өте үлкен.

«Медеу» спорт кешені болсын, Шымбұлаққа болсын адамдардың келген саны, былайша айтқанда, сол қабылдау мүмкіндігінен бірнеше есе жоғары. Сондықтан біз одан үлкен басқа да спорттық объектілер салуымыз керек.

Әлемде Абай атындағы опера және балет театры сияқты ғимараттарда 3D-проекцияны пайдаланып үлкен шаралар өткізеді. Біз де

сондай мүмкіншіліктерді кеңінен қолданып жатырмыз, мысалы, қала мерекесінде, Наурыз мерекесінде елімізді дүние жүзіне танытудамыз.

Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сонау Ұлы Отан соғысы кезінен бергі тарихын, халыққа қалай қызмет істеп келе жатқанын сіздер жақсы білесіздер. Қазіргі кезде ол жерде үлкен-үлкен шаралап өтіп жатыр. Сұрағыңызға көп рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы! Заң жобасында ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізудің мәселелерін реттейтін нормалар бар. Алайда тарих және мәдениет ескерткіштерін сапасыз реставрациялауға байланысты қағида жоқ.

Іс жүзінде реставрация жұмысының сапасыз жүргізілуінің сорақы фактілері кездесіп жатады. Мысалы, жаңа Сіз өзіңіз айтып өткендей, Петропавл қаласындағы сәулет өнерінің ескерткіші (көпес Халит Жанғоразовтың үй) жөнделіп бітпей жатып қайтадан саудырап қалды. Соның салдарынан ғимарат әлі күнге дейін бос тұр, негізінде ол ғимаратта музей немесе медресе орналастыру ұйғарылған болатын.

Айтыңызшы, ғылыми-реставрациялық жұмыстың сапасына бақылау қалай жүргізіледі және тарихи ескерткіштер сапасыз жөнделген жағдайда бұл мәселе қалай реттеледі? Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға рақмет.

Біздің бірінші мақсатымыз - реставрация саласында жұмыс істейтін мамандарды кеңінен дайындау. Ол жағынан, мысалы, біздің министрліктің құзырындағы Жүргенов атындағы Өнер академиясымен, Астанадағы Қазақ ұлттық университетімен, ғылыми орталықтармен екіжақты келіссөздер бар. Эрмитажда біздің мамандар практикадан өткен кезде оның маңыздылығы өте жоғары.

Сонымен қатар реставрация жұмысына ең қажетті мамандар - магистратура мен докторантураны бітірген азаматтар.

Реставрация - ғылыми жұмыс. Бізде көбіне реставрацияны құрылыс жұмысы деп ойлайды, ал негізінен реставрация, жаңа өзіңіз айтып өткендей, ғылыми жұмыс. Сондықтан біз осы заң жобасында қатаң нормативтік талаптарды қойып жатырмыз. Жаңа өзіңіз айтқан Халит Жанғоразов үйінің ғимараты реставрация жұмысының дұрыс жүргізілмеуі нәтижесінде солай болды. Біз осы заңда реставрацияға лицензияны беруді кеңінен жан-жақты қарастырудамыз.

Республикалық маңызы бар, жергілікті маңызы бар ғимараттарды біз нақты белгілеуіміз керек. Жергілікті маңызы бар ғимараттар бойынша біз осы заңмен жергілікті әкімшіліктерге қатаң талаптарды қойып жатырмыз. Қазіргі ол талаптар нақты көрсетілмеген. Сондықтан біз осы заң жобасында соның бәрін кеңінен жазып жатырмыз. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Жалпы, реставрация жұмыстары әрбір компанияның

қолынан келмейді. Ол, мысалы, көпір салғандай, әуежай салғандай. Сондықтан лицензия берген кезде бірінші олардың дайындығы қандай, қандай тәжірибесі бар екенін қарауларыңыз керек. Әйтпесе ол, жаңа депутат Мұсырман Петропавлда жасаған жұмыстар бойынша айтқандай, қандай реставрациялық жұмыс болады? Оның өзінің бір спецификасы болу керек, дайын мамандар болу керек. Сондықтан лицензия берген кезде осындай сұрақтарды бақылауға алу керек.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Арыстанбек Мұхамедиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына беріледі.

АБДРАХМАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы арқылы Қазақстан Республикасының екі кодексіне (Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне), үш заңына («Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы») өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Заң жобасының мақсаты тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалуын және пайдалануын қамтамасыз ету үшін тиімді құқықтық негіздерді құру болып табылады.

Атап айтқанда, заң жобасы арқылы тарихи-мәдени мұра объектілеріне археологиялық жұмыс жүргізу шарттарын, сондай-ақ ескерткіштердің бастапқы келбетінің, тарихи және мәдени маңыздылығының жойылуына және олардың бүлінуіне жол бермеу мақсатында тарих және мәдениет ескерткіштерде ғылыми-реставрациялық жұмыс жүргізу шарттарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу ұсынылады.

Заң жобасында тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту функцияларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына беру көзделеді. Бұл көрсетілген шекараларды айқындауға байланысты әкімшілік рәсімдерді реттеу тетігінің тиімділігін қамтамасыз етеді деп сенеміз.

Археологиялық, сәулет, қала құрылысының, өзге де тарихи және мәдени ескерткіштерінің қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру тәртібі бекітіледі.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Бұл заң жобасы бойынша атқарылған жұмыс негізгі заң жобасы бойынша атқарылған жұмыспен тең болатыны белгілі.

Жұмыс тобына келіп түскен түзетулер мүдделі мемлекеттік органдар

өкілдерінің, қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың қатысуымен жұмыс тобының отырыстарында және комитеттің көшпелі отырысында қаралып талқыланды.

Осы айтылғандарды және бүгінгі талқылауды ескере отырып, аталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамыз және сіздерден қолдауларыңызды сұраймыз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет Сізге, Сауытбек Абдрахманұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Мен қаралып отырған заң жобасын толығымен қолдаймын және әріптестерді де қолдауға шақырамын.

Ата-бабаларымыз қаншама мың жылдар бойы қорғап, бізге жеткізген мына ұлан-ғайыр жеріміз тарихи-мәдени мұраға толы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі - неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», - деп тарихи-мәдени мұрамыздың сақталуының маңыздылығына баса назар аударды.

Осыған орай заң жобасында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 145-бабындағы Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзуға әкеп соғатын жағдайлар тағы екі тармақшалармен толықтырылып отыр.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету, ескерткіштердің алғашқы қалыптарының, тарихи және мәдени маңыздылығының жойылуын және қирауын болдырмау мақсатында оларға ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу шарттарын және тарихи-мәдени мұра объектілерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру шарттарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілуде.

Сонымен қатар заң жобасы тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге жатқызылған жерлердің қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған нормаларды қамтиды.

Сол себепті жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылардың міндеттемелерін айқындау үшін мемлекет қорғауындағы жер учаскесінде орналасқан тарихи-мәдени мұра және өзге де объектілерді сақтау туралы өзгерістер енгізу ұсынылған.

Бүгін талқыланып отырған заң жобасының негізгі бағыты мен мақсаты айқын және өте маңызды деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жазылған да депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті - ол осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» - 105, «жақтағандар» - 105. Қаулы қабылданды.



Мүдир: Құжатталмаған қайталасыз ету
бөлім мәжілісінің сәйкесінде

А.В.Ж. Б. Әбдірахманов